

«Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне байланыс мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы бойынша салыстырма кесте

№ р/с	Құрылым- дық бөлігі	Заңнамалық актінің редакциясы	Жобаның редакциясы	Ұсынылып отырған өзгерістің немесе толықтырудың редакциясы	Өзгерістің немесе толықтырудың авторы және оның негіздемесі	Бас комитеттің шешімі. Негіздеме (қабылданбаған жағдайда)
1	2	3	4	5	6	7
1.	Жобаның тақырыбы		«Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне байланыс мәселелері өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы»	Жобаның тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын: «Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» кодексіне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы»	Депутат А.Үйсімбаев, М.Раманқұлов Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің атауына сәйкес келтіру.	Қабылданды
2.	Жобаның 1-бабының бірінші абзацы		1-бап. 2014 жылғы 5 шілдедегі № 235-V ҚРЗ Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:	бірінші абзац мынадай редакцияда жазылсын: «1-бап. 2014 жылғы 5 шілдедегі Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін.»;	Заңнама және сот-құқықтық реформа комитеті «Құқықтық актілер туралы» Заңның 26-бабының 2-тармағына сәйкес келтіру; Депутаттар	Қабылданды

					<p>Б.Торғаев, А.Үйсiмбаев, М.Раманқұлов</p> <p>Жобаның 1-бабының бiрiншi абзацындағы «ҚРЗ № 235-V» деген сөздер алып тасталсын. «Құқықтық актiлер туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 26-бабының 2-тармағына сәйкес заңнамалық актiлерге өзгерiстер және (немесе) толықтырулар енгiзу туралы заңнамалық акт жобасының мәтiнiнде аталған заңнамалық актiлердiң тақырыбы, қабылданған күнi көрсетiледi.</p>	
3.	Жобаның 1-бабының жаңа 1) тармақшасы	Кодекс мәтiнi	Жоқ.	Мынадай мазмұндағы 1) тармақшамен толықтырылсын: «1) бүкiл мәтiнi бойынша «мүгедектердi»,	<p>Депутаттар Ж. Нұрманбетова, Л. Павловец</p> <p>«Мүгедек» сөзiн алдымен адамды,</p>	Қабылданды

			<p>«мүгедектердің», «мүгедектер», «Мүгедектердің», «мүгедек» деген сөздер тиісінше «мүгедектігі бар адамдарды», «мүгедектігі бар адамдардың», «мүгедектігі бар адамдар», «Мүгедектігі бар адамдардың», «мүгедектігі бар адам» деген сөздермен ауыстырылсын;»;</p> <p><i>Алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі</i></p>	<p>содан кейін оның организмнің даму ерекшеліктерін көрсете отырып, «мүгедектігі бар адам» деген сөзбен ауыстыру ұсынылады. Осы норманы қабылдау мүгедектігі бар адамдарға қатысты кемсітпеушілік қағидатының сақталуын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. (осы терминді өзгерту бойынша ұқсас түзетулер «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне мүгедектігі бар адамдардың өмір сүру сапасын жақсарту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚР</p>
--	--	--	--	---

					заң жобасында көзделген, олар ҚР 75 заңнамалық актілеріне қосымша толықтырулар мен өзгерістер енгізеді).	
4.	<p>Жобаның 1-бабының жаңа 1) тармақшасы</p> <p><i>ӘҚБК-нің 50-бабының екінші бөлігі</i></p>	<p>50-бап. Әкімшілік қамаққа алу ...</p> <p>2. Жүкті әйелдерге және он төрт жасқа дейінгі балалары бар әйелдерге, он сегіз жасқа толмаған адамдарға, 1 және 2-топтағы мүгедектерге, сондай-ақ елу сегіз жастан асқан әйелдерге, алпыс үш жастан асқан еркектерге және он төрт жасқа толмаған балаларын жалғыз өзі тәрбиелеп отырған еркектерге әкімшілік қамаққа алуды қолдануға болмайды.</p>	Жоқ.	<p>Мынадай мазмұндағы 1) тармақшамен толықтырылсын:</p> <p>«1) 50-баптың екінші бөлігіндегі «1 және 2-топтағы мүгедектерге» деген сөздер «бірінші және екінші топтардағы мүгедектігі бар адамдарға» деген сөздермен ауыстырылсын;»;</p> <p><i>Алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі</i></p> <p><i>Тармақшалардың кейінгі нөмірленуі өзгертілсін.</i></p>	<p>Депутаттар Ж. Нұрманбетова, Л. Павловец</p> <p>«Мүгедек» сөзін алдымен адамды, содан кейін оның организмінің даму ерекшеліктерін көрсете отырып, «мүгедектігі бар адам» деген сөзбен ауыстыру ұсынылады.</p> <p>Осы норманы қабылдау мүгедектігі бар адамдарға қатысты кемсітпеушілік қағидатының сақталуын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.</p> <p><i>(осы терминді өзгерту бойынша ұқсас түзетулер</i></p>	Қабылданды

					«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне мүгедектігі бар адамдардың өмір сүру сапасын жақсарту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚР заң жобасында көзделген).	
5.	<p>Жобаның 1-бабының жаңа 1) тармақшасы</p> <p><i>ӘҚБК-нің 53-1-бабының бірінші абзацы</i></p>	<p>53-1-бап. Азаматтық және қызметтік қаруды қауіпсіз ұстау қағидаларын білуін тексеру</p> <p>Осы Кодекстің 436-бабының бірінші бөлігінде, 484-бабының бірінші бөлігінде, 485-бабының бірінші бөлігінде және 486-бабының бірінші бөлігінде көзделген құқық бұзушылықтарды жасаған азаматтық және қызметтік қарудың</p>	Жоқ.	<p>Мынадай мазмұндағы 1) тармақшамен толықтырылсын:</p> <p>«1) 53-1-баптың бірінші абзацындағы «436-бабының бірінші бөлігінде» деген сөздер алып тасталсын;»;</p> <p><i>Тармақшалардың кейінгі нөмірленуі өзгертілсін.</i></p>	<p>Заңнама және сот-құқықтық реформа комитеті</p> <p>ӘҚБК-нің 436-бабын жаңа редакцияда жазу бойынша ұснылып отырған түзетуге байланысты (осы кестенің 16-позициясы).</p>	Қабылданды

		иелері мен пайдаланушылары азаматтық және қызметтік қаруды қауіпсіз ұстау қағидаларын білуін тексеру үшін емтихан тапсыруға жіберіледі.				
6.	Жобаның 1-бабының жаңа 1) тармақшасы <i>ӘҚБК-нің 54-бабының бірінші абзацы</i>	54-бап. Құқық бұзушының мінез-кұлқына ерекше талаптар белгілеу 1. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы істі қарау кезінде сот өз бастамасы бойынша не полиция органдарының немесе әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша іс жүргізуге басқа қатысушылардың өтінішхаты бойынша осы Кодекстің 73, 73-1, 73-2, 127, 128, 131, 434, 435, 436 , 440 (үшінші бөлігінде), 442 (үшінші бөлігінде), 448, 461, 482, 485 (екінші бөлігінде)-баптарында көзделген әкімшілік құқық бұзушылық жасаған	Жоқ.	Мынадай мазмұндағы 1) тармақшамен толықтырылсын: «1) 54-баптың бірінші бөлігіндегі « 436 ,» деген цифрлар алып тасталсын;»; <i>Тармақшалардың кейінгі нөмірленуі өзгертілсін.</i>	Заңнама және сот-құқықтық реформа комитеті 436-баптың жаңа редакциясына сәйкес пиротехникалық бұйымдарды елді мекендерде қолданған кезде ғана құқық бұзушылар жазаға тартылады, бұл құқық бұзушының жүріс-тұрысына ерекше талаптар белгілеуді талап етпейді.	Қабылданды

		адамның жүріс-тұрысына үш айдан бір жылға дейінгі мерзімге:				
7.	<p>Жобаның 1-бабының жаңа 1) тармақшасы</p> <p><i>ӘҚБК-нің 83-бабының үшінші бөлігі</i></p>	<p>83-бап. Қазақстан Республикасының мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы заңнамасын бұзу</p> <p>...</p> <p>3. Мүгедектерді оңалтудың жеке бағдарламасына сәйкес мүгедектерді әлеуметтік оңалту түрлерімен қамтамасыз етпеу – лауазымды адамдарға жиырма айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға алып келеді.</p>	Жоқ.	<p>Мынадай мазмұндағы 1) тармақшамен толықтырылсын:</p> <p>«1) 83-баптың үшінші бөлігінің бірінші абзацындағы «Мүгедектерді оңалтудың жеке бағдарламасына» деген сөздер «Мүгедектігі бар адамдарды абилитациялау мен оңалтудың жеке бағдарламасына» деген сөздермен ауыстырылсын;»;</p> <p><i>Алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі</i></p> <p><i>Тармақшалардың кейінгі нөмірленуі өзгертілсін.</i></p>	<p>Депутаттар Ж. Нұрманбетова, Л. Павловец «Мүгедектерді оңалтудың жеке бағдарламасы» деген сөздерді «мүгедектігі бар адамдарды абилитациялау мен оңалтудың жеке бағдарламасы» деген сөздермен ауыстыру ұсынылады.</p> <p>Осы терминология «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне мүгедектігі бар адамдардың өмір сүру сапасын жақсарту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚР заң жобасында</p>	Қабылданды

					ұсынылып отыр, сондай-ақ «мүгедек» деген сөзді «мүгедектігі бар адам» деген сөздермен ауыстырылып отыр.	
8.	<p>Жобаның 1-бабының жаңа 1) тармақшасы</p> <p><i>ӘҚБК-нің 191-бабы</i></p>	<p>191-бап. Азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондарын иелену, сақтау, есепке алу, тасымалдау және олармен сауда жасау тәртібін бұзу</p> <p>1. Тиісті лицензиялары бар заңды тұлғалардың азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондарын иелену, сақтау, есепке алу, тасымалдау және олармен сауда жасау тәртібін бұзуы – лицензияның қолданысы тоқтатыла тұрып, елу айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.</p>	Жоқ.	<p>Мынадай мазмұндағы 1) тармақшамен толықтырылсын:</p> <p>«1) 191-бап алып тасталсын;»;</p> <p><i>Тармақшалардың кейінгі нөмірленуі өзгертілсін.</i></p>	<p>Заңнама және сот-құқықтық реформа комитеті</p> <p>Жобада 484-бапқа ұсынылып отырған түзетулер осы баптың күшін қамтиды.</p>	Қабылданды

		2. Осы баптың бірінші бөлігінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған әрекет – лицензиядан айыра отырып, сексен айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.				
9.	Жобаның 1-бабының жаңа 1) тармақшасы <i>ӘҚБК-нің 233-бабы</i>	233-бап. Қазақстан Республикасының заңнамасын бұза отырып кредит, қарыз алу не оларды пайдалану	жоқ.	233-бап. Қазақстан Республикасының заңнамасын бұза отырып кредит, қарыз алу не оларды пайдалану, мемлекеттік сыртқы қарыз қаражатының қарыз шартында белгіленген мерзімде игерілмеуі	Заңнама және сот-құқықтық реформа комитеті 233-бапқа тиісті түзетулер енгізе отырып, «Құқықтық актілер туралы» Заңға сәйкес келтіру	Қабылданды
10.	Жобаның 1-бабының жаңа 1) тармақшасы <i>ӘҚБК-нің 233-бабы</i>	233-бап. Қазақстан Республикасының заңнамасын бұза отырып кредит, қарыз алу не оларды пайдалану ... 4. жоқ	Жоқ.	Мынадай мазмұндағы жаңа 1) тармақшамен толықтырылсын: «1) 233-бап мынадай мазмұндағы төртінші бөлікпен және ескертпемен толықтырылсын: «4. Мемлекеттік сыртқы қарыз қаражатының қарыз	Заңнама және сот-құқықтық реформа комитеті Депутаттар Д. Әлімбаев, Ә. Әбсеметова «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық	Қабылданды

			<p>шартында белгіленген мерзімде игерілмеуі – лауазымды адамдарға бір жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға алып келеді.</p> <p>Ескертпе. Осы баптың төртінші бөлігінің мақсаттары үшін лауазымды адам деп қарыздар есебінен қаржыландырылатын бюджеттік инвестициялық жобаны немесе институционалдық жобаны іске асыруға жауапты бюджеттік бағдарлама әкімшісінің бірінші басшысын түсінген жөн.»;</p> <p><i>Тармақшалардың кейінгі нөмірленуі өзгертілсін.</i></p>	<p>актілеріне мемлекеттік басқару, екінші деңгейдегі банктердің кепілдік саясатын жетілдіру, бағалау қызметін және атқарушылық іс жүргізуді реттеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заң қабылданды.</p> <p>Осы Заң жобасы қарыздар есебінен қаржыландырылатын бюджеттік инвестициялық жобаны немесе институционалдық жобаны іске асыруға жауапты бюджеттік бағдарлама әкімшісінің бірінші басшысының қарыз шартында белгіленген мерзімде қарыз қаражатын игермегені үшін жауапкершілігін көздейді.</p> <p>Бұл норма,</p>	
--	--	--	--	---	--

					қаржы есебінен қаржыландырылатын жобаларды іске асыратын мемлекеттік органдардың жауапкершілігін күшейтуге, сондай-ақ қарызға қызмет көрсетуге арналған республикалық бюджет қаражатын тиімді пайдалануға бағытталған.	
11.	Жобаның 1-бабының жаңа 1) тармақшасы <i>ӘҚБК-нің 234-1-бабы</i>	234-1-бап. Бюджет қаражатын тиімсіз жоспарлау және (немесе) тиімсіз пайдалану Мыналардан: заттай бекітілген асырудан; нормалардан Қазақстан Республикасының бюджет заңнамасында көзделген құжаттардың (техникалық-экономикалық негіздеме, қаржылық-экономикалық негіздеме, жобалау-	Жоқ.	Мынадай мазмұндағы жаңа 1) тармақшамен толықтырылсын: «1) 234-1- баптың үшінші абзацындағы «болмауынан көрінген, бюджет қаражатын тиімсіз жоспарлау және (немесе) тиімсіз пайдалану –» деген сөздер «болмауынан;» деген сөзбен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы төртінші және бесінші абзацтармен толықтырылсын: «егер Қазақстан Республикасының заңнамасында өзгеше көзделмесе, тиісті бюджеттік	Заңнама және сот-құқықтық реформа комитеті Депутаттар Д.Әлімбаев, Ә.Әбсеметова Бюджет кодексінің 104-1-бабында бюджет қаражатын тиімсіз жоспарлау мен пайдаланудың бес түрі бекітілген, оларды жасау Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген	Қабылданды

		<p>сметалық құжаттама) және (немесе) олар бойынша мұндай шешімдерді (қорытындыларды) ұсынуға Қазақстан Республикасының заңнамасында уәкілеттік берілген органдар және (немесе) ұйымдар шешімдерінің (қорытындыларының) болмауынан көрінген, бюджет қаражатын тиімсіз жоспарлау және (немесе) тиімсіз пайдалану, –</p> <p>жоқ.</p> <p>лауазымды адамдарға бір жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға алып келеді.</p>		<p>бағдарламалар әкімшісінің балансында жоқ объектілерді күтіп-ұстауға бюджет қаражатын жұмсаудан; егер Қазақстан Республикасының заңнамасында өзгеше көзделмесе, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен пайдалануға берілмеген объектілерді күтіп-ұстауға бюджет қаражатын жұмсаудан көрінген, бюджет қаражатын тиімсіз жоспарлау және (немесе) тиімсіз пайдалану –»;</p> <p><i>Тармақшалардың кейінгі нөмірленуі өзгертілсін.</i></p>	<p>жауаптылыққа әкеп соғады. Бұл ретте, Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Кодексте олардың тек екеуі бойынша жауапкершілік белгіленген (234-1-бап).</p> <p>Осыған байланысты, сондай-ақ бюджет қаражатының тиімді жұмсалыуына қойылатын талаптарды қатаңдату және бюджет қаражатын тиімсіз жоспарлау мен пайдаланғаны үшін аудит объектілерінің лауазымды адамдарының жауапкершілігін күшейту мақсатында Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекстің 234-1-бабын толықтыру, Бюджет кодексінің нормаларына сәйкес</p>	
--	--	--	--	--	--	--

					келтіру ұсынылады.	
12.	<p>Жобаның 1-бабының жаңа 1) тармақшасы</p> <p><i>ӘҚБК-нің 282-бабы</i></p>	<p>282-бап. Қазақстан Республикасының этил спирті мен алкоголь өнімін өндіруді және оның айналымын мемлекеттік реттеу туралы заңнамасын бұзу</p> <p>...</p> <p>3. Этил спирті мен алкоголь өнімінің айналымы және олардың орнын ауыстыру шарттарын:</p> <p>...</p> <p>4) арақтарды және айрықша арақтарды, күштілігі жоғары ликер-арақ өнімдерін Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген ең төмен бөлшек сауда бағасынан арзанға бөлшек саудада өткізу;</p> <p>...</p> <p>5. Этил спиртін және (немесе) алкоголь</p>	Жоқ.	<p>Мынадай мазмұндағы жаңа 1) тармақшамен толықтырылсын:</p> <p>«1) 282-бапта: үшінші бөліктің 2), 3) және 4) тармақшалары мынадай редакцияда жазылсын:</p> <p>«2) техникалық регламентте белгіленбеген ыдыстағы және орамдағы алкоголь өнімінің айналымы;</p> <p>3) қаңылтыр ыдыстағы (сыра қайнату өнімінен алкогольі аз сусындардан басқа), затбелгісі жоқ шөлмектердегі және пластикалық сауыттардағы (сыра қайнату өнімін түпкілікті тұтынушыға құюды қоспағанда) алкоголь өнімінің айналымы;</p> <p>4) арақтарды және айрықша арақтарды, тауар шығарылған жердің атауы қорғалған арақтарды, күштілігі жоғары ликер-арақ бұйымдарын, коньяк пен брендиді Қазақстан Республикасының Үкіметі</p>	<p>Депутаттар М. Құсайынов, С. Симонов</p> <p>Салық кодексі (20.12.2021 ж.) және Бюджет заңнамасының (12.01.2022 ж.). өзгерістері мен толықтыруларына сәйкес келтіру мақсатында.</p> <p>Еуразиялық экономикалық комиссия кеңесінің 2018 жылғы 5 желтоқсандағы №98 шешімімен Еуразиялық экономикалық одақтың «Алкоголь өнімінің қауіпсіздігі туралы» техникалық регламенті (ЕАЭО ТР 047/2018) қабылданды, онда «шарап материалы» термині «толысылған шарап» терминине ауыстырылды.</p>	Қабылданды

		<p>өнімін өндіру шарттарын: ... 2) өндірістік қуаты жылына төрт жүз мың декалитрден төмен шарап материалын, сондай-ақ сыра өндіруден басқа, этил спиртін және (немесе) алкоголь өнімін технологиялық желілерді есепке алудың бақылау аспаптарымен жарактандырмай өндіру; 3) өндірістік қуаты жылына төрт жүз мың декалитрден төмен шарап материалын, сондай-ақ сыра өндіруден басқа, этил спиртін және (немесе) алкоголь өнімін ақаулы, сол сияқты есепке алуда нормативтен тыс ауытқулары бар есепке алудың бақылау аспаптарымен өндіру; ...</p>		<p>белгілеген ең төмен бөлшек сауда бағаларынан төмен бөлшек саудада өткізу;»; бесінші бөліктің 2) және 3) тармақшалары мынадай редакцияда жазылсын: «2) өндірістік қуаты жылына төрт жүз мың декалитрден төмен толысылған шарап, сондай-ақ сыра қайнату өнімін өндіруден басқа, этил спиртін және (немесе) алкоголь өнімін технологиялық желілерді есепке алудың бақылау аспаптарымен жарактандырмай өндіру; 3) өндірістік қуаты жылына төрт жүз мың декалитрден төмен толысылған шарап, сондай-ақ сыра қайнату өнімін өндіруден басқа, этил спиртін және (немесе) алкоголь өнімін ақаулы, сол сияқты есепке алуда нормативтен тыс ауытқулары бар есепке алудың бақылау аспаптарымен өндіру;»;</p>	<p>Арақтың түрлері тауар шығарылған жердің атауы қорғалған арақпен толықтырылған. «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне техникалық реттеу, кәсіпкерлік, мемлекеттік басқару жүйесін жетілдіру және төлемдер мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2020 жылғы 30 желтоқсандағы №370 Қазақстан Республикасының Заңымен «Этил спирті мен алкоголь өнімінің өндірілуін және айналымын мемлекеттік реттеу туралы» ҚРЗ - дағы (бұдан әрі - заң) «сыра сусыны» және «шарап материалы» деген сөздер «толысылған шарап»</p>	
--	--	---	--	--	--	--

		<p>10. Этил спиртін (коньяк спиртiнен басқа), арақтарды және айрықша арақтарды өндіру кезінде өндіріс қуатын пайдаланудың ең төмен пайызын және өндірістің ең аз көлемін сақтамау -</p> <p>...</p>		<p>Оныншы бөліктің бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:</p> <p>«10. Техникалық регламентке сәйкес этил спиртін, арақтарды және айрықша арақтарды, тауар шығарылған жердің атауы қорғалған арақтарды өндіру кезінде өндірістік қуатты пайдаланудың ең төмен пайызын және өндірістің ең төмен көлемін сақтамау – »;</p> <p><i>Тармақшалардың кейінгі нөмірленуі өзгертілсін.</i></p>	<p>деген сөздермен ауыстырылды. Сондай-ақ Заңның 1-бабының 7) тармақшасы тауар шығарылған жердің атауы қорғалған арақтардың сөздерімен толықтырылды. Осыған байланысты ӘҚБтК-нің осы бабын салалық заңнама нормасына сәйкес келтіру қажет.</p>	
13.	<p>Жобаның 1-бабының жаңа 1) тармақшасы</p> <p><i>ӘҚБтК-нің 283-бабы</i></p>	<p>283-бап. Шарап материалын, сыраны және сыра ішімдігін қоспағанда, алкоголь өнімін есепке алу-бақылау маркаларымен және темекі өнімдерін акциздік маркалармен таңбалау (қайта таңбалау) қағидаларын бұзу</p> <p>1. Өндірушінің немесе импорттаушының шарап материалын,</p>	Жоқ.	<p>Мынадай мазмұндағы жаңа 1) тармақшамен толықтырылсын:</p> <p>«1) 283-бапта: тақырып және бірінші бөліктің бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:</p> <p>«283-бап. Толысылған шарапты, сыра қайнату өнімін қоспағанда, алкоголь өнімін есепке алу-бақылау маркаларымен және темекі бұйымдарын сәйкестендіру</p>	<p>Депутаттар М. Құсайынов, С. Симонов</p> <p>Салық кодексі (20.12.2021 ж.) және Бюджет заңнамасының өзгерістері мен толықтыруларына сәйкес келтіру мақсатында (12.01.2022 ж.).</p> <p>Еуразиялық экономикалық</p>	Қабылданды

		<p>сыраны және сыра ішімдігін қоспағанда, алкоголь өнімін есепке алу-бақылау маркаларымен және темекі өнімдерін акциздік маркалармен таңбалау (қайта таңбалау) қағидаларын бұзуы -</p> <p>...</p> <p>2. Акцизделетін өнімді акциздік және (немесе) есепке алу-бақылау таңбаларынсыз, сол сияқты белгіленбеген үлгідегі және (немесе) сәйкестендіруге келмейтін таңбалармен сақтау, өткізу және (немесе) тасымалдау түрінде жасалған, акциздік және (немесе) есепке алу-бақылау таңбаларымен таңбалануға жататын акцизделетін тауарлардың айналымы, -</p> <p>...</p>		<p>құралдарымен таңбалау (қайта таңбалау) қағидаларын бұзу</p> <p>1. Өндірушінің немесе импорттаушының, толысылған шарапты, сыра қайнату өнімін қоспағанда, алкоголь өнімін есепке алу-бақылау маркаларымен және темекі бұйымдарын сәйкестендіру құралдарымен таңбалау (қайта таңбалау) қағидаларын бұзуы –»;</p> <p>екінші бөліктің бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:</p> <p>«2. Сәйкестендіру құралдарымен және (немесе) есепке алу-бақылау маркаларымен таңбалануға жататын акцизделетін тауарлардың сәйкестендіру құралдарынсыз және (немесе) есепке алу-бақылау маркаларынсыз, сол сияқты белгіленбеген үлгідегі және (немесе) сәйкестендіруге келмейтін маркалары және сәйкестендіру құралдары бар акцизделетін өнімді сақтау, өткізу және (немесе)</p>	<p>комиссия кеңесінің 2018 жылғы 5 желтоқсандағы № 98 шешімімен Еуразиялық экономикалық одақтың «Алкоголь өнімінің қауіпсіздігі туралы» техникалық регламенті (ЕАЭО ТР 047/2018) қабылданды, онда «шарап материалы» термині «толысылған шарап» терминіне ауыстырылды.</p> <p>Арақтың түрлері тауар шығарылған жердің атауы қорғалған арақпен толықтырылған.</p> <p>«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне техникалық реттеу, кәсіпкерлік, мемлекеттік басқару жүйесін жетілдіру және төлемдер мәселелері бойынша</p>	
--	--	--	--	---	---	--

			<p>тасымалдау түрінде жасалған айналымы —»;</p> <p><i>Тармақшалардың кейінгі нөмірленуі өзгертілсін.</i></p>	<p>өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2020 жылғы 30 желтоқсандағы №370 Қазақстан Республикасының Заңымен «Этил спирті мен алкоголь өнімінің өндірілуін және айналымын мемлекеттік реттеу туралы» ҚРЗ-дағы «шарап материалы» деген сөздер «толысылған шарап» деген сөздермен ауыстырылды.</p> <p>Осыған байланысты ӘҚБТК-нің осы бабын салалық заңнама нормасына сәйкес келтіру қажет.</p> <p>«Сауда қызметі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 1-бабының 31) тармақшасында сәйкестендіру құралы штрих код түрінде ұсынылған</p>	
--	--	--	--	---	--

					<p>немесе радиожилік белгісіне жазылған немесе автоматты сәйкестендірудің өзге құралы (технологиясы) пайдаланыла отырып ұсынылған, машинамен оқылатын нысандағы символдардың бірегей реттілігі айқындалған.</p> <p>2022 жылғы 1 қаңтардан бастап темекі бұйымдары тек сәйкестендіру құралдарымен таңбаланатын болады.</p> <p>Тиісінше, темекі бұйымдарының айналымын бақылау сәйкестендіру құралдары арқылы жүзеге асырылады.</p>	
14.	<p>Жобаның 1-бабының жаңа 1) тармақшасы</p>	<p>409-бап. Қазақстан Республикасының Білім беру, дене шынықтыру және спорт</p>	Жоқ.	<p>Мынадай мазмұндағы жаңа 1) тармақшамен толықтырылсын:</p> <p>«1) 409-бапта:</p>	<p>Заңнама және сот-құқықтық реформа комитеті</p> <p>Заңның 42-бабының 2-</p>	Қабылданды

	<p>ӘҚБК-нің 409-бабы</p>	<p>саласындағы заңнамасын бұзу ... 4-1. жоқ</p>		<p>мынадай мазмұндағы 4-1-бөлікпен толықтырылсын: «4-1. Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымы білім беру қызметімен айналысуға лицензиясынан және (немесе) лицензияға қосымшасынан айырылған (кері қайтарып алынған), қолданысы тоқтатылған немесе ол таратылған жағдайда, Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген мерзімде жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымы құрылтайшысының (құрылтайшыларының) білім алушыларды оқуын жалғастыру үшін басқа жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарына ауыстыруды және олардың жеке істерін беруді және (немесе) білім алуын аяқтамаған немесе қорытынды аттестаттаудан өтпеген адамдардың жеке</p>	<p>тармағына сәйкес келтіру. Құрылтайшылар әкімшілік жауапкершіліктің жоқтығын пайдалана отырып, білім алушыларды басқа білім беру ұйымдарына ауыстыру жөнінде шаралар қабылдамайды, бұл өз кезегінде білім алушылардың заңды құқықтарының бұзылуына әкеп соғады. Президент Әкімшілігінің 2021 жылғы 13 мамырдағы № 21-41-10.57 тапсырмасына сәйкес білім министрлігіне ҚР ӘҚБТК-де әкімшілік жауапкершілікті қарастыру тапсырылды.</p>	
--	------------------------------	--	--	--	---	--

				<p>істерін, сондай-ақ алдыңғы жылдары білім беру ұйымында оқуын аяқтаған адамдардың жеке істерін және білім туралы құжаттарының көшірмелерін тиісті мемлекеттік архивке беруді қамтамасыз етпеуі – жеке тұлғаларға – бір жүз, лауазымды адамдарға – бір жүз елу, шағын кәсіпкерлік субъектілеріне немесе коммерциялық емес ұйымдарға – екі жүз, орта кәсіпкерлік субъектілеріне – үш жүз, ірі кәсіпкерлік субъектілеріне бес жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға алып келеді.»;</p> <p><i>Тармақшалардың кейінгі нөмірленуі өзгертілсін.</i></p>	<p>Сондай-ақ, Мемлекет Басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың 1.09.2021 жылғы «Халық бірлігі және жүйелі реформалар-елдің өркендеуінің берік негізі» атты Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру бойынша ЖҰЖ-ның 48-тармағында ЖОО жабылған жағдайда білім алушыларды ауыстыру бойынша міндеттемелерін орындамағаны үшін құрылтайшылардың әкімшілік жауапкершілігін белгілеу көзделген.</p>	
15.	<p>Жобаның 1-бабының жаңа 1) тармақшасы</p>	<p>409-бап. Қазақстан Республикасының Білім беру, дене шынықтыру және спорт саласындағы заңнамасын бұзу ...</p>	Жоқ.	<p>Мынадай мазмұндағы жаңа 1) тармақшамен толықтырылсын:</p> <p>«1) 409-бапта: мынадай мазмұндағы 4-2-бөлікпен толықтырылсын:</p>	<p>Заңнама және сот-құқықтық реформа комитеті</p> <p>Заңның 42-бабының 2-тармағына сәйкес келтіру.</p>	Қабылданды

	ӘҚБК-нің 409-бабы	4-2. жоқ		<p>«4-2. Осы баптың 4-1-бөлігінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған әрекеттер (әрекетсіздік) – жеке тұлғаларға – бір жүз елу, лауазымды адамдарға – екі жүз, шағын кәсіпкерлік субъектілеріне немесе коммерциялық емес ұйымдарға – үш жүз, орта кәсіпкерлік субъектілеріне – бес жүз, ірі кәсіпкерлік субъектілеріне жеті жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға алып келеді.»;</p> <p><i>Тармақшалардың кейінгі нөмірленуі өзгертілсін.</i></p>	<p>Құрылтайшылар әкімшілік жауапкершіліктің жоқтығын пайдалана отырып, білім алушыларды басқа білім беру ұйымдарына ауыстыру жөнінде шаралар қабылдамайды, бұл өз кезегінде білім алушылардың заңды құқықтарының бұзылуына әкеп соғады.</p> <p>Президент Әкімшілігінің 2021 жылғы 13 мамырдағы № 21-41-10.57 тапсырмасына сәйкес білім министрлігіне ҚР ӘҚБтК-де әкімшілік жауапкершілікті қарастыру тапсырылды.</p> <p>Сондай-ақ, Мемлекет Басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың 1.09.2021 ж. «Халық бірлігі</p>	
--	----------------------	----------	--	---	--	--

					және жүйелі реформалар-елдің өркендеуінің берік негізі» атты Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру бойынша ЖҰЖ-ның 48-тармағында ЖОО жабылған жағдайда білім алушыларды ауыстыру бойынша міндеттемелерін орындамағаны үшін құрылтайшылардың әкімшілік жауапкершілігін белгілеу көзделген.	
16.	Жобаның 1-бабының жаңа 1) тармақшасы <i>ӘҚБК-нің 436-бабының тақырыбы</i>	436-бап. Елді мекендерде атыс қаруынан, газды, пневматикалық, лақтырылатын және электрлі қарудан оқ ату, пиротехникалық бұйымдарды қолдану	Жоқ.	Мынадай мазмұндағы жаңа 1) тармақшамен толықтырылсын: «1) 436-баптың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын: «436-бап. Пиротехникалық бұйымдарды елді мекендерде қолдану»; <i>Тармақшалардың кейінгі нөмірленуі өзгертілсін.</i>	Заңнама және сот-құқықтық реформа комитеті Осы баптың тақырыбынан елді мекендерде атыс қаруын қолдану алып тасталып, ҚР ӘҚБК-нің 485-бабында жаңа редакцияда жазылады.	Қабылданды

17.	Жобаның 1-бабының жаңа 1) тармақшасы <i>ӘҚБК-нің 436-бабының бірінші бөлігі</i>	436-бап. Елді мекендерде атыс қаруынан, газды, пневматикалық, және лақтырылатын және электрлі қарудан оқ ату, пиротехникалық бұйымдарды қолдану 1. Елді мекендерде және бұл үшін бөлінбеген орындарда атыс қаруынан, газды, электрлі (өзін-өзі қорғау жағдайларын қоспағанда), пневматикалық және лақтырылатын қарудан оқ ату – қару тәркіленіп, жиырма айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.	Жоқ.	Мынадай мазмұндағы жаңа 1) тармақшамен толықтырылсын: «1) 436-баптың бірінші бөлігі алып тасталсын;»; <i>Тармақшалардың кейінгі нөмірленуі өзгертілсін.</i>	Заңнама және сот-құқықтық реформа комитеті ӘҚБК-нің жаңа редакцияда жазылып отырған <i>(осы кестенің 23 пен 24-позициялары)</i> 485-бабына құқық бұзушылықтарды ауыстырып, біріктіруге байланысты 436-бабының бірінші бөлігі алып тасталады.	Қабылданды
18.	Жобаның 1-бабының жаңа 1) тармақшасы	436-бап. Елді мекендерде атыс қаруынан, газды, пневматикалық, және лақтырылатын және электрлі қарудан оқ ату,	Жоқ.	Мынадай мазмұндағы жаңа 1) тармақшамен толықтырылсын: «1) 436-баптың үшінші және төртінші бөліктері мынадай редакцияда жазылсын:	Заңнама және сот-құқықтық реформа комитеті Осы редакцияда елде мекендерде пиротехникалық бұйымдар қолданған	Қабылданды

<p><i>ӘҚБК-нің 436-бабының үшінші және төртінші бөліктері</i></p>	<p>пиротехникалық бұйымдарды қолдану</p> <p>3. Осы баптың бірінші және екінші бөліктерінде көзделген, он алты жасқа дейінгі кәмелетке толмағандар жасаған әрекеттер – пиротехникалық бұйымдар тәркіленіп, ата-анасына немесе оларды алмастыратын адамдарға ескерту жасауға немесе жиырма айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.</p> <p>4. Осы баптың бірінші және екінші бөліктерінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған, сол сияқты осы Кодекстің 437-бабында көзделген құқық бұзушылық үшін бір жыл ішінде әкімшілік жауаптылыққа</p>		<p>3. Осы баптың екінші бөлігінде көзделген, он алты жасқа дейінгі кәмелетке толмаған адам жасаған әрекет –</p> <p>пиротехникалық бұйымдар тәркіленіп, ата-анасына немесе оларды алмастыратын адамдарға ескерту жасауға немесе жиырма айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға алып келеді.</p> <p>4. Осы баптың екінші бөлігінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған, сол сияқты осы Кодекстің 437-бабында көзделген құқық бұзушылық үшін бір жыл ішінде әкімшілік жауаптылыққа тартылған адам жасаған әрекет –</p> <p>пиротехникалық бұйымдар тәркіленіп, отыз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға алып келеді.»;</p> <p><i>Тармақшалардың кейінгі нөмірленуі өзгертілсін.</i></p>	<p>құқық бұзушылар жазаға тартылады.</p>	
---	--	--	--	--	--

		<p>тартылған адам жасаған әрекеттер – әкімшілік құқық бұзушылық жасау құралы не заты болып табылған зат тәркіленіп, отыз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.</p> <p>Ескертпе. Осы Кодекстің 436 және 482-баптарына сәйкес тәркіленген, одан әрі пайдалануға жарамсыз, сондай-ақ Қазақстан Республикасының аумағында азаматтық және қызметтік қару ретінде айналымға тыйым салынған қару осы Кодекстің 795-бабында көзделген тәртіппен жойылуға жатады.</p>				
19.	<p>Жобаның 1-бабының жаңа 1) тармақшасы</p>	<p>482-бап. Жеке және заңды тұлғалардың қаруды заңсыз иеленіп алуы, беруі, өткізуі,</p>	Жоқ.	<p>Мынадай мазмұндағы жаңа 1) тармақшамен толықтырылсын:</p>	<p>Заңнама және сот-құқықтық реформа комитеті Қолданыстағы заңнамада жеке және</p>	Қабылданды

	<p><i>ӘҚБК-нің 482-бабы-ның бірінші бөлігі</i></p>	<p>сақтауы, алып жүруі, тасымалдауы</p> <p>1. Ішкі істер органдарында тіркелмеген тегіс ұңғылы, газды қару мен олардың патрондарын, сол сияқты электрлі қаруды, үрлемелі қуаты 7,5 Джоульдан жоғары, калибрі 4,5 миллиметрден асатын пневматикалық қаруды заңсыз иеленіп алу, беру, өткізу, сақтау, алып жүру, тасымалдау –</p> <p>қару тәркілене отырып, жеке тұлғаларға – жиырма, шағын кәсіпкерлік субъектілеріне немесе коммерциялық емес ұйымдарға – жиырма бес, орта кәсіпкерлік субъектілеріне – отыз, ірі кәсіпкерлік субъектілеріне қырық айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.</p>		<p>«1) 482-баптың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:</p> <p>«1. Ішкі істер органдарында тіркелмеген тегіс ұңғылы, газды қару мен олардың патрондарын, сол сияқты электрлі, лақтырылатын, оғы жоқ қаруды, белгі беру қаруын, үрлемелі қуаты 7,5 Джоульдан жоғары, калибрі 4,5 миллиметрден асатын пневматикалық қаруды, олардың негізгі (құрамдас) бөліктерін заңсыз иеленіп алу, беру, өткізу, сақтау, алып жүру, тасымалдау –</p> <p>қару, сондай-ақ оның негізгі (құрамдас) бөліктері тәркілене отырып, жеке тұлғаларға – жиырма, шағын кәсіпкерлік субъектілеріне немесе коммерциялық емес ұйымдарға – жиырма бес, орта кәсіпкерлік субъектілеріне – отыз, ірі кәсіпкерлік субъектілеріне қырық айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға алып келеді.»;</p> <p><i>Тармақшалардың кейінгі нөмірленуі өзгертілсін.</i></p>	<p>заңды тұлғалардың атуға тікелей қолданатын лақтырылатын, оғы жоқ қаруды, белгі беру қаруын, олардың негізгі және қосалқы бөліктерін заңсыз иеленіп алғаны, бергені, өткізгені, сақтағаны, алып жүргені, тасымалдағаны үшін әкімшілік жауаптылық көзделмеген.</p> <p>Осы норманы енгізу рұқсат ету рәсімдерінсіз қолданылатын осы санамаланған қару түрлеріне бақылау жасауға мүмкіндік береді.</p> <p>Анықтама: тиісті тексерулерден кейін (криминалистік талаптарға сәйкестігі тұрғысынан криминалистік сараптамалар жүргізіледі) санамаланған қару</p>	
--	--	---	--	--	---	--

					түрлері жеке және заңды тұлғаларға қайтарылады.	
20.	<p>Жобаның 1-бабының жаңа 1) тармақшасы</p> <p><i>ӘҚБК-нің 482-бабының екінші бөлігі</i></p>	<p>482-бап. Жеке және заңды тұлғалардың қаруды заңсыз иеленіп алуы, беруі, өткізуі, сақтауы, алып жүруі, тасымалдауы</p> <p>2. Осы баптың бірінші бөлігінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған әрекеттер - қару тәркілене отырып, жеке тұлғаларға – отыз, шағын кәсіпкерлік субъектілеріне немесе коммерциялық емес ұйымдарға – отыз бес, орта кәсіпкерлік субъектілеріне – қырық, ірі кәсіпкерлік субъектілеріне елу айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.</p>	Жоқ.	<p>Мынадай мазмұндағы жаңа 1) тармақшамен толықтырылсын:</p> <p>«1) 482-баптың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:</p> <p>«2. Осы баптың бірінші бөлігінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған әрекеттер – қару, сондай-ақ олардың негізгі (құрамдас) бөліктері тәркілене отырып, жеке тұлғаларға – отыз, шағын кәсіпкерлік субъектілеріне немесе коммерциялық емес ұйымдарға – отыз бес, орта кәсіпкерлік субъектілеріне – қырық, ірі кәсіпкерлік субъектілеріне елу айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға алып келеді.»;</p> <p><i>Тармақшалардың кейінгі нөмірленуі өзгертілсін.</i></p>	<p>Заңнама және сот-құқықтық реформа комитеті</p> <p>Бірінші бөлікке қаруды ғана емес, олардың негізгі (құрамдас) бөліктерін де тәркілеуді енгізуді ұсынуға байланысты.</p>	Қабылданды

21.	<p>Жобаның 1-бабының жаңа 1) тармақшасы</p> <p><i>ӘҚБК-нің 482-бабының ескертпесі</i></p>	<p>482-бап. Жеке және заңды тұлғалардың қаруды заңсыз иеленіп алуы, беруі, өткізуі, сақтауы, алып жүруі, тасымалдауы</p> <p>Ескертпе. Заңсыз сақталған қаруды өз еркімен тапсырған тұлға, егер оның әрекеттерінде өзге де құқық бұзушылық құрамы болмаса, әкімшілік жауаптылықтан босатылады.</p>	<p>Жоқ.</p>	<p>Мынадай мазмұндағы жаңа 1) тармақшамен толықтырылсын:</p> <p>«1) 482-баптың ескертпесі мынадай редакцияда жазылсын:</p> <p>«Ескертпе. Заңсыз сақталған қаруды, сондай-ақ олардың негізгі (құрамдас) бөліктерін өз еркімен тапсырған тұлға, егер оның әрекеттерінде өзге де құқық бұзушылық құрамы болмаса, әкімшілік жауаптылықтан босатылады.»;</p> <p><i>Тармақшалардың кейінгі нөмірленуі өзгертілсін.</i></p>	<p>Заңнама және сот-құқықтық реформа комитеті</p> <p>Бұл түзету қарудың негізгі (құрамдас) бөліктерін өз еркімен тапсырған тұлғаны да әкімшілік жауаптылықтан босатуға байланысты енгізіліп отыр.</p>	<p>Қабылданды</p>
22.	<p>Жобаның 1-бабының жаңа 1) тармақшасы</p> <p><i>ӘҚБК-нің 482-бабының</i></p>	<p>484-бап. Азаматтық, қызметтік, марапаттық, коллекциялық қаруды, оның патрондарын иелену, беру, есепке алу, сақтау, пайдалану, тасымалдау, Қазақстан Республикасының аумағына әкелу, Қазақстан</p>	<p>Жоқ.</p>	<p>Мынадай мазмұндағы жаңа 1) тармақшамен толықтырылсын:</p> <p>«1) 484-баптың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:</p> <p>«484-бап. Азаматтық және қызметтік қару айналымы қағидаларын бұзу»;</p> <p><i>Тармақшалардың кейінгі нөмірленуі өзгертілсін.</i></p>	<p>Заңнама және сот-құқықтық реформа комитеті</p> <p>Азаматтық, қызметтік, марапаттық, коллекциялық қаруды, оның патрондарын иелену, беру, есепке алу, сақтау, пайдалану, тасымалдау, Қазақстан</p>	<p>Қабылданды</p>

		<p>Республикасының аумағынан әкету және Қазақстан Республикасының аумағы арқылы транзитпен өткізу тәртібін бұзу</p>			<p>Республикасының аумағына әкелу, Қазақстан Республикасының аумағынан әкету және Қазақстан Республикасының аумағы арқылы транзитпен өткізу тәртібі, сондай-ақ жауынгерлік қарудан дайындалған көлемді макеттер айналымын шектеу Азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондарының айналымы қағидаларында (ҚР Ішкі істер министрінің 2019 жылғы 1 шілдедегі № 602 бұйрығымен бекітілген) регламенттелген.</p> <p>Бұл ретте Қағидаларда көзделген талаптарды бұзғаны үшін жауаптылық қолданыстағы ӘҚБК-</p>	
--	--	---	--	--	--	--

					да толық көлемде көзделмеген. Осы түзетуді қабылдау Азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондарының айналымы қағидаларынды мүлтіксіз сақтауға ықпал етеді.	
23.	<p>Жобаның 1-бабының жаңа 1) тармақшасы</p> <p><i>ӘҚБК-нің 482-бабының</i></p>	<p>484-бап. Азаматтық, қызметтік, марапаттық, коллекциялық қаруды, оның патрондарын иелену, беру, есепке алу, сақтау, пайдалану, тасымалдау, Қазақстан Республикасының аумағына әкелу, Қазақстан Республикасының аумағынан әкету және Қазақстан Республикасының аумағы арқылы транзитпен өткізу тәртібін бұзу</p> <p>1. Қаруды сақтауға, сақтау мен алып жүруге ішкі істер</p>	Жоқ.	<p>Мынадай мазмұндағы жаңа 1) тармақшамен толықтырылсын:</p> <p>«1) 484-баптың бірінші және екінші бөліктері мынадай редакцияда жазылсын:</p> <p>«1. Азаматтық және қызметтік қару айналымы қағидаларын бұзу, егер бұл іс-әрекетте қылмыстық жазаланатын іс-әрекет белгілері болмаса, – лицензияның және (немесе) рұқсаттың қолданысын тоқтата тұрып не онсыз, жеке тұлғаларға – он, заңды тұлғаларға елу айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға алып келеді.</p>	<p>Депутат Е. Смайлов</p> <p>Азаматтық, қызметтік, марапаттық, коллекциялық қаруды, оның патрондарын иелену, беру, есепке алу, сақтау, пайдалану, тасымалдау, Қазақстан Республикасының аумағына әкелу, Қазақстан Республикасының аумағынан әкету және Қазақстан Республикасының аумағы арқылы</p>	Қабылданды

		<p>органдарының рұқсаты бар адамдардың азаматтық, қызметтік, марапаттық, коллекциялық қаруды, оның патрондарын иелену, беру, есепке алу, сақтау, пайдалану, тасымалдау, Қазақстан Республикасының аумағына әкелу, Қазақстан Республикасының аумағынан әкету және Қазақстан Республикасының аумағы арқылы транзитпен өткізу тәртібін бұзуы –</p> <p>жеке тұлғаларға – он, заңды тұлғаларға жиырма айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.</p> <p>2. Осы баптың бірінші бөлігінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін</p>		<p>2. Осы баптың бірінші бөлігінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған әрекет –</p> <p>лицензиядан және (немесе) рұқсаттан айыра отырып не онсыз, жеке тұлғаларға – жиырма, заңды тұлғаларға сексен айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға алып келеді.»;</p> <p>мынадай мазмұндағы ескертпемен толықтырылсын:</p> <p>«Ескертпе. Осы Кодекстің мақсаттары үшін қару айналымы деп – өндіру, құрастыру, жөндеу, қайта жасау, өткізу (сауда), беру, сыйға тарту, марапаттау, мұраға қалдыру, сатып алу, коллекциялау, экспонаттау, есепке алу, сақтау, алып жүру, тасымалдау, пайдалану, алып қою, жою, Қазақстан Республикасының аумағына әкелу, Қазақстан Республикасының аумағынан әкету түсініледі</p>	<p>транзитпен өткізу тәртібі, сондай-ақ жауынгерлік қарудан дайындалған көлемді макеттер айналымын шектеу Азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондарының айналымы қағидаларында (ҚР Ішкі істер министрінің 2019 жылғы 1 шілдедегі № 602 бұйрығымен бекітілген) регламенттелген.</p> <p>Бұл ретте Қағидаларда көзделген талаптарды бұзғаны үшін жауаптылық қолданыстағы ӘҚБК-да толық көлемде көзделмеген.</p> <p>Осы түзетуді қабылдау Азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондарының айналымы қағидаларынды</p>	
--	--	--	--	--	---	--

		бір жыл ішінде қайталап жасалған әрекет – жеке тұлғаларға – жиырма, заңды тұлғаларға қырық айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.		және қаруды, оның ішінде оның негізгі (құрамдас) бөліктері мен оның патрондарын Қазақстан Республикасының аумағы арқылы транзиттеу.».	мүлтіксіз сақтауға ықпал етеді.	
24.	Жобаның 1-бабының жаңа 1) тармақшасы <i>ӘҚБК-нің 485-бабының тақырыбы</i>	485-бап. Атыс, ұңғысыз атыс қаруын, газды қаруды, жарақат салатын патрондармен ату мүмкіндігі бар газды қаруды, пневматикалық, лақтырылатын және электрлі қаруды құқыққа сыйымсыз қолдану	Жоқ.	Мынадай мазмұндағы жаңа 1) тармақшамен толықтырылсын: «1) 485-баптың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын: «485-бап. Қаруды құқыққа сыйымсыз қолдану»; <i>Тармақшалардың кейінгі нөмірленуі өзгертілсін.</i>	Заңнама және сот-құқықтық реформа комитеті «Жекелеген қару түрлерінің айналымына мемлекеттік бақылау туралы» ҚР Заңының 1-бабның 5) тармақшасына сәйкес қару – конструкциялық жағынан алғанда тірі немесе өзге де нысананы зақымдауға, сондай-ақ белгі беруге арналған құрылғылар мен заттар. Қолданыстағы редакцияға сәйкес	Қабылданды

					<p>белгі беретін, оғы жоқ қаруды құқыққа сыйымсыз қолданғаны үшін жауаптылық көзделмеген, осыған байланысты «қару» деген бір сөзбен жазып, қару түрлерін кеңейту ұсынылады. Бұл ретте әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалғанда азаматтық, қызметтік қару мен оның патрондарын сақтауға, сақтау мен алып жүруге арналған рұқсаттан айыратындай әкімшілік-құқықтық ықпал етуді енгізу қажет.</p> <p>Қаруды құқыққа сыйымсыз қолданғаны үшін әкімшілік жауаптылық белгілеу, сондай-ақ қару айналымына</p>	
--	--	--	--	--	--	--

					қойылатын талаптарды қатандату мақсатында енгізіліп отыр. Заңның 17-бабының 2-тармағына сәйкес қару пайдаланушы қаруды нысаналы мақсатына сәйкес пайдалануға міндетті.	
25.	<p>Жобаның 1-бабының жаңа 1) тармақшасы</p> <p><i>ӘҚБК-нің 485-бабының бірінші және екінші бөліктері</i></p>	<p>485-бап. Атыс, ұңғысыз атыс қаруын, газды қаруды, жарақат салатын патрондармен ату мүмкіндігі бар газды қаруды, пневматикалық, лақтырылатын және электрлі қаруды құқыққа сыйымсыз қолдану</p> <p>1. Атыс, ұңғысыз атыс қаруын, газды қаруды, жарақат салатын патрондармен ату мүмкіндігі бар газды қаруды, пневматикалық,</p>	Жоқ.	<p>Мынадай мазмұндағы жаңа 1) тармақшамен толықтырылсын:</p> <p>«1) 485-баптың бірінші және екінші бөліктері мынадай редакцияда жазылсын:</p> <p>«1. Қаруды құқыққа сыйымсыз қолдану, егер бұл әрекетте қылмыстық жазаланатын іс-әрекет белгілері болмаса, – қаруды сақтауға, сақтау мен алып жүруге рұқсаттың қолданылуын тоқтата тұрып, жиырма айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.</p> <p>2. Осы баптың бірінші бөлігінде көзделген, әкімшілік</p>	<p>Заңнама және сот-құқықтық реформа комитеті</p> <p>«Жекелеген қару түрлерінің айналымына мемлекеттік бақылау туралы» ҚР Заңының 1-бабының 5) тармақшасына сәйкес қару – конструкциялық жағынан алғанда тірі немесе өзге де нысананы зақымдауға, сондай-ақ белгі беруге арналған құрылғылар мен</p>	Қабылданды

		<p>лақтырылатын және электрлі қаруды құқыққа сыйымсыз қолдану, егер бұл әрекетте қылмыстық жазаланатын іс-әрекет белгілері болмаса, – қаруды сақтауға, сақтау мен алып жүруге рұқсаттың қолданылуын тоқтата тұрып, жиырма айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.</p> <p>2. Осы баптың бірінші бөлігінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған әрекет – қырық айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.</p>		<p>жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған әрекет – қару тәркілене отырып және қаруды сақтауға, сақтау мен алып жүруге рұқсаттан айыра отырып, қырық айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға алып келеді.»;</p> <p>мынадай мазмұндағы ескертпемен толықтырылсын: «Ескертпе. Осы бапқа және осы Кодекстің 482-бабына сәйкес тәркіленген, одан әрі пайдалануға жарамсыз, сондай-ақ Қазақстан Республикасының аумағында азаматтық және қызметтік қару ретінде айналымына тыйым салынған қару осы Кодекстің 795-бабында көзделген тәртіппен жойылуға жатады.»;</p> <p><i>Тармақшалардың кейінгі нөмірленуі өзгертілсін.</i></p>	<p>заттар. Қолданыстағы редакцияға сәйкес белгі беретін, оғы жоқ қаруды құқыққа сыйымсыз қолданғаны үшін жауаптылық көзделмеген, осыған байланысты «қару» деген бір сөзбен жазып, қару түрлерін кеңейту ұсынылады. Бұл ретте әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалғанда азаматтық, қызметтік қару мен оның патрондарын сақтауға, сақтау мен алып жүруге арналған рұқсаттан айыратындай әкімшілік-құқықтық ықпал етуді енгізу қажет.</p> <p>Қаруды құқыққа сыйымсыз қолданғаны үшін әкімшілік</p>	
--	--	--	--	--	--	--

					жауаптылық белгілеу, сондай-ақ қару айналымына қойылатын талаптарды қатаңдату мақсатында енгізіліп отыр. Заңның 17-бабының 2-тармағына сәйкес қару пайдаланушы қаруды нысаналы мақсатына сәйкес пайдалануға міндетті.	
26.	Жобаның 1-бабының жаңа 1) тармақшасы <i>ӘҚБК-нің 590-бабы</i>	590-бап. Көлік құралдарын пайдалану қағидаларын бұзу 2. Мемлекеттік тіркеу нөмірі белгілері (белгісі) жоқ немесе пайдалануға тыйым салынғаннан кейін немесе белгіленген тәртіппен тіркелмеген көлік құралын басқару – он айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.	Жоқ.	590-бап. Көлік құралдарын пайдалану қағидаларын бұзу 2. Мемлекеттік тіркеу нөмірі белгілері (белгісі) жоқ немесе пайдалануға тыйым салынғаннан кейін немесе белгіленген тәртіппен тіркелмеген көлік құралын басқару – он айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға алып келеді. 2-1. Осы баптың екінші бөлігінде көзделген, әкімшілік жаза	Депутат Б.А. Бекжанов 1. Мемлекеттік нөмірлерсіз автомобильді қайталап және бірнеше рет жүргізгені үшін жауапкершілікті белгілеу. 2. Көрінеу жалған немесе қолдан жасалған мемлекеттік нөмірлері бар автокөлік құралын	Қабылданды

		<p>2-1. Жоқ</p> <p>4. Көрінеу жалған немесе қолдан жасалған мемлекеттік тіркеу нөмірі белгілері (белгісі) бар көлік құралын басқару, сол сияқты мемлекеттік тіркеу нөмірі белгілерін (белгісін) сәйкестендіруге кедергі келтіретін не олардың түрін өзгертетін немесе жасыратын құрылғылар мен материалдар қолданыла отырып жабдықталған мемлекеттік тіркеу нөмірі белгілері (белгісі) бар көлік құралын басқару, – жиырма айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл</p>		<p>қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған әрекеттер, – жиырма айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға немесе бір жыл мерзімге көлік құралдарын жүргізу құқығынан айыруға алып келеді.</p> <p>4. Көрінеу жалған немесе қолдан жасалған мемлекеттік тіркеу нөмірі белгілері (белгісі) бар көлік құралын басқару, сол сияқты мемлекеттік тіркеу нөмірі белгілерін (белгісін) сәйкестендіруге кедергі келтіретін не олардың түрін өзгертетін немесе жасыратын құрылғылар мен материалдар қолданыла отырып жабдықталған мемлекеттік тіркеу нөмірі белгілері (белгісі) бар көлік құралын басқару, – бес тәулікке дейін әкімшілік қамаққа алуға және бір жыл мерзімге көлік құралдарын басқару құқығынан айыруға алып келеді.</p>	<p>орнату және басқару үшін жауапкершілікті күшейту.</p> <p>Қазіргі уақытта жүргізушілер жауапкершілікті болдырмау үшін, соның ішінде ЖЖЕ бұзушылықтары бойынша автокөлік құралдарын басқару кезінде автоматты камералармен тіркелген жалған мемлекеттік нөмірлерді жиі қолданады. Бұл ретте, 20 АЕК мөлшерінде көзделген айыппұл тиісті профилактикалық әсер етпейді. 2021ж., - 2-б. бойынша – 12 655, 3-б. бойынша – 999, 4-б. бойынша – 1 159 жүргізуші.</p> <p>2022ж. 4 ай үшін –</p>	
--	--	---	--	---	--	--

		<p>салуға немесе бір жыл мерзімге көлік құралдарын басқару құқығынан айыруға әкеп соғады.</p> <p>4-1. Жоқ</p>		<p>4-1. Осы баптың төртінші бөлігінде көзделген, осы Кодекстің 50-бабының екінші бөлігіне сәйкес әкімшілік қамаққа алу қолданылмайтын адамдар жасаған әрекеттер, –</p> <p>қырық айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға және бір жыл мерзімге көлік құралдарын жүргізу құқығынан айыруға алып келеді.</p>	<p>2-б. бойынша – 3 965, 3-б. – 382, 4-б. – 536.</p> <p>Статистикалық мәліметтерге сәйкес, құқық бұзушылықтың бұл түрі үшін жүргізушілердің тек 9,1%-ы ғана басқару құқығынан айырылады. (2021 жылы 1017 іс қаралып, оның 102-сі жүргізушіден айырылды).</p> <p>Сонымен қатар, мұндай құқық бұзушылықтың тікелей мақсаты бар.</p> <p>Статистика</p> <p>590-бап 2-б. 2017ж. - 4 060, 2018ж. - 4 526, 2019ж. - 6 057, 2020ж. - 9 993, 2021ж. - 12 655, 2022ж. 5 ай - 5 315.</p> <p>3-б. 2017ж. - 565, 2018ж. – 668,</p>	
--	--	--	--	---	--	--

					<p>2019ж. - 717, 2020ж. – 1 106, 2021ж. - 999, 2022ж. 5 ай – 525.</p> <p>4-б.</p> <p>2017ж. - 836, 2018ж. – 975, 2019ж. – 1 049, 2020ж. – 1 061, 2021ж. – 1 159, 2022ж. 5 ай – 675.</p>	
27.	<p>Жобаның 1-бабының жаңа 1) тармақшасы</p> <p><i>ӘҚБК-нің 613-бабы</i></p>	<p>613-бап. Ішкі істер (полиция), көліктік бақылау органдары қызметкерінің Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы арқылы автокөлік құралдарын өткізу пункттерінде және Қазақстан Республикасының аумағындағы көліктік бақылау бекеттерінде, әскери полиция органдары қызметкерінің талаптарын орындамау, алкогольдік, есірткілік және (немесе)</p>	Жоқ.	<p>Мынадай мазмұндағы жаңа 1) тармақшамен толықтырылсын:</p> <p>«1) 613-бапта:</p> <p>бірінші бөліктің екінші абзацында:</p> <p>«отыз» деген сөз «қырық» деген сөзбен ауыстырылсын;</p> <p>«әкеп соғады» деген сөздер «не үш тәулікке дейінгі мерзімге әкімшілік қамаққа алуға алып келеді» деген сөздермен ауыстырылсын;</p> <p>үшінші бөліктің екінші абзацындағы «алты ай мерзімге айыруға әкеп соғады» деген сөздер «бір жыл мерзімге айыруға және бес тәулікке дейін әкімшілік қамаққа алуға алып келеді»</p>	<p>Заңнама және сот-құқықтық реформа комитеті</p> <p>Президенттің 11.01.2022 ж. Парламент Мәжілісінде сөйлеген сөзінде құқық қорғау органдары қызметкерлеріне бағынбағаны үшін жауапкершілікті қатаңдату бөлігінде берген тапсырмасын орындау мақсатында:</p> <p>- көлік құралдарын тоқтатуға уәкілеттік берілген қызметкер-</p>	Қабылданды

		<p>уытқұмарлық масаң күйін куәландырудан өтуден жалтару</p> <p>1. Ішкі істер (полиция), әскери полиция органдары қызметкерінің (тек қана Қазақстан Республикасы ұлттық қауіпсіздік органдарының, Қарулы Күштерінің, Қазақстан Республикасының басқа әскерлері мен әскери құралымдарының көлік құралын басқаратын адам), көліктік бақылау органдары қызметкерінің Қазақстан Республикасының аумағындағы көліктік бақылау бекеттерінде көлік құралын тоқтату туралы заңды талабын орындамау –</p> <p>отыз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.</p> <p>...</p>		<p>деген сөздермен ауыстырылсын;</p> <p>3-1-бөліктің екінші абзацында:</p> <p>«елу» деген сөз «алпыс» деген сөзбен ауыстырылсын;</p> <p>«әкеп соғады» деген сөздер «не он бес тәулікке дейін әкімшілік қамаққа алуға алып келеді» деген сөздермен ауыстырылсын;</p> <p><i>Тармақшалардың кейінгі нөмірленуі өзгертілсін.</i></p>	<p>лердің заңды талабын алғаш рет орындамағанда айыппұл мөлшерін ұлғайту;</p> <p>- осындай іс-әрекет қайталап жасалған жағдайда, әкімшілік қамаққа алу түрінде қосымша жаза түрін енгізе отырып, көлік құралын басқару құқығынан айыру мерзімін ұлғайту;</p> <p>- басқару құқығы жоқ не одан айырылған адам осындай құқық бұзушылық жасаған кезде айыппұл мөлшерін ұлғайту, сондай-ақ әкімшілік қамаққа алу түрінде қосымша жаза түрін енгізу ұсынылып отыр.</p>	
--	--	--	--	---	--	--

		<p>3. Осы баптың бірінші бөлігінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған әрекет – көлік құралын басқару құқығынан алты ай мерзімге айыруға әкеп соғады.</p> <p>3-1. Осы баптың бірінші бөлігінде көзделген, көлік құралдарын басқару құқығы жоқ не басқару құқығынан айырылған адам жасаған әрекет – елу айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.</p>				
28.	<p>Жобаның 1-бабы 1) тармақшасының алтыншы – тоғызыншы абзацтары</p>	<p>637-бап. Қазақстан Республикасының байланыс саласындағы заңнамасын бұзу</p> <p>1. Қазақстан Республикасының байланыс саласындағы заңнамасын:</p> <p>...</p>	<p>1) 637-бапта: ... екінші абзацтағы «жүз» деген сөздер «мың» деген сөзбен ауыстырылсын;»; екінші бөлікте: мынадай мазмұндағы екінші абзацпен толықтырылсын:</p>	<p>Жобаның 1-бабы 1) тармақшасының алтыншы-тоғызыншы абзацтары алып тасталсын;</p>	<p>Депутаттар Н. Раззақ, Н.Ожаев, А. Нұркина Үкіметтің қорытындысына сәйкес келтіру, онда: Бұл ретте, пайдаланушыларға сапасы бойынша</p>	<p>Қабылданды</p>

	<p><i>ӘҚБК-нің 637-бабы бірінші бөлігінің екінші абзацы</i></p>	<p>жеке тұлғаларға – он, лауазымды адамдарға, шағын кәсіпкерлік субъектілеріне – жиырма, орта кәсіпкерлік субъектілеріне – қырық, ірі кәсіпкерлік субъектілеріне бір жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.</p> <p>2. Осы баптың бірінші бөлігінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған іс-әрекеттер, –</p> <p>жеке тұлғаларға – жиырма, лауазымды адамдарға, шағын кәсіпкерлік субъектілеріне – қырық, орта кәсіпкерлік субъектілеріне – сексен, ірі кәсіпкерлік субъектілеріне екі жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп</p>	<p>«екінші бөліктің екінші абзацындағы «екі жүз» деген сөз «бір мың бес жүз» деген сөздермен ауыстырылсын;»;</p>		<p>стандарттарға, техникалық нормаларға және байланыс қызметтері сапасының көрсеткіштеріне сәйкес келмейтін байланыс қызметтерін ұсыну көзделетін, ӘҚБК-нің 637-бабы бірінші бөлігінің 8) тармақшасы ұсынылады, сапасыз байланыс және интернет қызметтерін көрсеткені үшін айыппұлдар мөлшерін ұлғайту мақсатында мынадай мазмұндағы он төртінші бөлік етіп бөлек шығару ұсынылады:</p> <p>«14. Пайдаланушыларға сапасы жағынан стандарттарға, техникалық нормаларға және байланыс қызметтері сапасының</p>	
--	---	--	--	--	---	--

		соғады.			<p>көрсеткіштеріне сәйкес келмейтін байланыс қызметтерін ұсыну – жеке тұлғаларға – он, лауазымды адамдарға, шағын кәсіпкерлік субъектілеріне жиырма, орта кәсіпкерлік субъектілеріне – қырық, ірі кәсіпкерлік субъектілеріне мың айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.».</p> <p>ӘҚБК-нің 637-бабының екінші бөлігіне қатысты он төртінші бөлікте көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған әрекеттер үшін мынадай мазмұндағы он бесінші бөлікте жауапкершілікпен</p>	
--	--	---------	--	--	---	--

					<p>толықтыру ұсынылады:</p> <p>«15. Осы баптың он төртінші бөлігінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған іс-әрекеттер, – жеке тұлғаларға – жиырма, лауазымды адамдарға, шағын кәсіпкерлік субъектілеріне қырық, орта кәсіпкерлік субъектілеріне сексен, ірі кәсіпкерлік субъектілеріне бір мың бес жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.».</p>	
29.	<p>Жобаның 1-бабының 1) тармақшасы</p>	<p>637-бап. Қазақстан Республикасының байланыс саласындағы заңнамасын бұзу</p> <p>1. Қазақстан Республикасының</p>	<p>1) 637-бапта: бірінші бөлікте:</p>	<p>1) тармақша: мынадай мазмұндағы үшінші абзацпен толықтырылсын: «бірінші абзацта:».</p>	<p>Заңнама және сот-құқықтық реформа комитеті заң техникасы;</p>	<p>Қабылданды</p>

	<i>ӘҚБК-нің 637-бабы</i>	байланыс саласындағы заңнамасын:				
30.	Жобаның 1-бабының 1) тармақшасы <i>ӘҚБК-нің 637-бабы</i>	637-бап. Қазақстан Республикасының байланыс саласындағы заңнамасын бұзу 1. Қазақстан Республикасының байланыс саласындағы заңнамасын:	бірінші абзац мынадай мазмұндағы 17) тармақшамен толықтырылсын:	төртінші абзацтағы «бірінші абзац» деген сөздер алып тасталсын.	Заңнама және сот-құқықтық реформа комитеті Заң жобасының 1-бабының 1) тармақшасында үшінші абзацты толықтыру ұсынылып отырғандықтан.	Қабылданды
31.	Жобаның 1-бабының 1) тармақшасы <i>ӘҚБК-нің 637-бабы</i>	637-бап. Қазақстан Республикасының байланыс саласындағы заңнамасын бұзу 1. Қазақстан Республикасының байланыс саласындағы заңнамасын:	мынадай мазмұндағы 14 және 15-бөліктермен толықтырылсын: «14. Пайдаланушыларға сапасы бойынша стандарттарға, техникалық нормаларға және байланыс қызметтерінің сапа көрсеткіштеріне сәйкес келмейтін байланыс қызметтерін көрсету, – жеке тұлғаларға – он, лауазымды адамдарға, шағын кәсіпкерлік субъектілеріне – жиырма, орта кәсіпкерлік субъектілеріне – қырық,	Жобаның 1-бабы 1) тармақшасының оныншы абзацы мынадай редакцияда жазылсын: «мынадай мазмұндағы он төртінші және он бесінші бөліктермен толықтырылсын:».	Депутаттар Б. Торғаев М. Раманқұлов Н. Ожаев ҚР Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің баптары бөліктермен толықтырылған кезде олардың нөмірленуі жазбаша жазылады.	Қабылданды

			ірі кәсіпкерлік субъектілеріне мың айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады. 15. Осы баптың он төртінші бөлігінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған іс-әрекеттер, –			
32.	Жобаның 1-бабы 1) тармақшасының алтыншы – тоғызыншы абзацтары <i>ӘҚБК-нің 637-бабы бірінші бөлігінің екінші абзацы</i>	637-бап. Қазақстан Республикасының байланыс саласындағы заңнамасын бұзу 1. Қазақстан Республикасының байланыс саласындағы заңнамасын: ... жеке тұлғаларға – он, лауазымды адамдарға, шағын кәсіпкерлік субъектілеріне – жиырма, орта кәсіпкерлік субъектілеріне – қырық, ірі кәсіпкерлік субъектілеріне бір жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде	1) 637-бапта: ... мынадай мазмұндағы 14 және 15-бөліктермен толықтырылсын: «14. Пайдаланушыларға сапасы бойынша стандарттарға, техникалық нормаларға және байланыс қызметтерінің сапа көрсеткіштеріне сәйкес келмейтін байланыс қызметтерін көрсету, – жеке тұлғаларға – он, лауазымды адамдарға , шағын кәсіпкерлік субъектілеріне – жиырма, орта кәсіпкерлік	Он екінші, он төртінші абзацтардағы « лауазымды адамдарға ,» деген сөздер алып тасталсын.	Заңнама және сот-құқықтық реформа комитеті Лауазымды адамдар он төртінші және он бесінші бөліктердің диспозициясына жатпайды. Осыған байланысты, алып тастау қажет.	Қабылданды

		<p>айыппұл салуға әкеп соғады.</p> <p>2. Осы баптың бірінші бөлігінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған іс-әрекеттер, – жеке тұлғаларға – жиырма, лауазымды адамдарға, шағын кәсіпкерлік субъектілеріне – қырық, орта кәсіпкерлік субъектілеріне – сексен, ірі кәсіпкерлік субъектілеріне екі жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.</p>	<p>субъектілеріне – қырық, ірі кәсіпкерлік субъектілеріне мың айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.</p> <p>15. Осы баптың он төртінші бөлігінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған іс-әрекеттер, – жеке тұлғаларға – жиырма, лауазымды адамдарға, шағын кәсіпкерлік субъектілеріне – қырық, орта кәсіпкерлік субъектілеріне – сексен, ірі кәсіпкерлік субъектілеріне бір мың бес жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.».</p>			
33.	Жобаның 1-бабының 1) тармақшасы	<p>637-бап. Қазақстан Республикасының байланыс саласындағы заңнамасын бұзу</p> <p>1. Қазақстан Республикасының</p>	Жоқ.	мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын: «ескертпелердің 3-тармағы алып тасталсын;»;	Заңнама және сот-құқықтық реформа комитеті Депутаттар А. Үйсiмбаев М.Раманқұлов	Қабылданды

	ӘҚБК-нің 637-бабы	байланыс саласындағы заңнамасын:			Н.Ожаев ҚР Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 637-бабы бірінші бөлігінің 4) тармақшасын алып тастауға байланысты.	
34.	Жобаның 1-бабының жаңа 2) тармақшасы ӘҚБК-нің 667-бабы	667-бап. Құқық қорғау органы немесе арнаулы мемлекеттік орган, әскери полиция органы, мемлекеттік фельдъегерлік қызмет қызметкерінің (әскери қызметшісінің), сот приставының, сот орындаушысының заңды өкіміне немесе талабына бағынбау 1. Құқық қорғау органы немесе арнаулы мемлекеттік орган, әскери полиция органы, мемлекеттік фельдъегерлік қызмет қызметкерінің (әскери қызметшісінің), сот приставының, сот орындаушысының өз қызметтік міндеттерін атқаруына байланысты	Жоқ.	Мынадай редакцияда жазылсын: «8) 667-бапта: бірінші бөліктің екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын: « отыз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға не он бес тәулікке дейінгі мерзімге әкімшілік қамаққа алуға алып келеді.»; екінші бөліктің екінші абзацындағы « он тәулік » деген сөздер « он бестен жиырма тәулікке дейінгі » деген сөздермен ауыстырылсын; үшінші бөліктің екінші абзацындағы « қырық » деген сөз « елу » деген сөзбен ауыстырылсын;	Заңнама және сот-құқықтық реформа комитеті Президенттің 11.01.2022 ж. Парламент Мәжілісінде сөйлеген сөзінде құқық қорғау органдары қызметкерлеріне бағынбағаны үшін жауапкершілікті қатандату бөлігінде берген тапсырмасын орындау мақсатында: - уәкілетті қызметкерлердің заңды талабына алғаш рет бағынбағанда ескерту жасау түріндегі жаза түрін	Қабылданды

		<p>заңды өкіміне немесе талабына бағынбау, сол сияқты олардың заңды қызметіне кедергі келтіру –</p> <p>ескерту жасауға немесе жиырма айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға не бес тәулікке дейінгі мерзімге әкімшілік қамаққа алуға алып келеді.</p> <p>2. Осы баптың бірінші бөлігінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған әрекеттер, –</p> <p>он тәулік мерзімге әкімшілік қамаққа алуға алып келеді.</p> <p>3. Осы баптың екінші бөлігінде көзделген, осы Кодекстің 50-бабының екінші бөлігіне сәйкес әкімшілік қамаққа алу қолданылмайтын адамдар жасаған әрекеттер, –</p>			<p>алып тастау, көзделген айыппұл мөлшерін және әкімшілік қамаққа алу мерзімін ұлғайту;</p> <p>- осындай іс-әрекет қайталап жасалған жағдайда, әкімшілік қамаққа алу мерзімін ұлғайту;</p> <p>- әкімшілік қамаққа алу қолданылмайтын адамдар бағынбаған кезде айыппұл мөлшерін ұлғайту ұсынылып отыр.</p>	
--	--	--	--	--	---	--

		қырық айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға алып келеді.				
35.	Жобаның 1-бабының жаңа 2) тармақшасы <i>ӘҚБК-нің 684-бабы</i>	684-бап. Соттар... 1. Әкімшілік құқық бұзушылықтар жөніндегі мамандандырылған аудандық және оларға теңестірілген соттардың судьялары, осы баптың үшінші бөлігінде көзделген жағдайларды қоспағанда, осы Кодекстің .. 402 (төртінші бөлігінде), 407 (екінші және үшінші бөліктерінде), 409 (жетінші, 7-1 және 7-8-бөліктерінде) , 415 (екінші бөлігінде), 415-1 (екінші бөлігінде), 416, 417 (бірінші және алтыншы бөліктерінде), 419 (екінші бөлігінде), 423, 423-1, 424 (үшінші және бесінші бөліктерінде) ... көзделген әкімшілік	Жоқ.	684-баптың бірінші бөлігіндегі «409 (жетінші, 7-1 және 7-8-бөліктерінде)» деген сөздер «409 (7-1 және 7-8-бөліктерінде)» деген сөздермен ауыстырылсын;	Заңнама және сот-құқықтық реформа комитеті Санкциясында лицензиядан айыру көзделген ӘҚБК-нің 409-бабының 7-бөлігі бойынша істі соттың ведомстволық бағыныстылығынан уәкілетті органға қарауға беруді ұсынамыз. ӘҚБК-нің 47-бабының 1-1-бөлігімен уәкілетті органға лицензиядан айыру құқығы берілген. ӘҚБК 409-бабының 7-бөлігі (лицензиядан айыру) бойынша әкімшілік жауаптылық ӘҚБтК-нің осы бабының 4 және 6-бөліктерінде көрсетілген құқық	Қабылданды

		<p>құқық бұзушылықтар туралы істерді қарайды.</p>			<p>бұзушылықтарды бір жыл ішінде қайталап жасаған кезде көзделген. Құқық бұзушылық жасалған кезде уәкілетті орган алғаш рет қарайды және ӘҚБК-нің 409-бабының 4 және 6-бөліктері бойынша тартылады.</p> <p>Іс жүзінде мұндай істер бойынша соттың қалауы болмағандықтан, санкцияларда лицензиядан айырылатын айыппұлдың белгіленген мөлшері көрсетілгендіктен, соттар іс жүзінде шешімдерді «мөр басады».</p> <p>Бұдан басқа, уәкілетті орган ӘҚБК-нің 464-бабының 2-бөлігі бойынша санкциясында лицензиядан айыру көзделген істерді қарауда.</p>	
--	--	---	--	--	---	--

					<p>Баяндалғанды ескере отырып, ӘҚБК-нің 409-бабының 7-бөлігі бойынша істі қарауды уәкілетті органға беру орынды деп санаймыз.</p> <p>Мұндай тәжірибе уәкілетті органдардың жауапкершілігін арттыруға алып келеді.</p> <p>Бұл ретте сот бақылауының функциясы кез келген жағдайда сақталатынын атап өту қажет. Яғни, әкімшілік жауаптылыққа тартылған адамның уәкілетті органның шешімдеріне шағым жасауға құқығы бар.</p> <p>Сондай-ақ, Мемлекет Басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың 1.09.2021 жылғы «Халық бірлігі және жүйелі</p>	
--	--	--	--	--	--	--

					реформалар-ел өркендеуінің берік негізі» атты Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру бойынша ЖҰЖ-ның 48-тармағында заңнамалық актілерге ЖОО-ларды лицензиядан айыру жөніндегі функцияларды уәкілетті органға беруді көздейтін өзгерістер мен толықтырулар енгізу арқылы жоғары оқу орындарының білім беру сапасы үшін жауапкершілігін күшейту көзделген.	
36.	Жобаның 1-бабының жаңа 2) тармақшасы <i>ӘҚБК-нің 684-бабы-</i>	684-бап. Соттар 1. Әкімшілік құқық бұзушылықтар жөніндегі мамандандырылған аудандық және оларға теңестірілген соттардың судьялары, осы баптың үшінші бөлігінде көзделген жағдайларды	Жоқ.	684-баптың бірінші бөлігі «483,» деген цифрлардан кейін «485 (екінші бөлігінде),» деген сөздермен толықтырылсын;	Заңнама және сот-құқықтық реформа комитеті ӘҚБК-нің 45, 47 және 48-баптарының ережелеріне сәйкес.	Қабылданды

	ның бірінші бөлігі	қоспағанда, осы Кодекстің ... 476, 477, 478, 479, 480 (екінші бөлігінде), 481, 482, 483 , 488 ... 681-баптарында көзделген әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істерді қарайды.				
37.	Жобаның 1-бабының жаңа 2) тармақшасы <i>ӘҚБК-нің 684-бабының бірінші бөлігі</i>	684-бап. Соттар 1. Әкімшілік құқық бұзушылықтар жөніндегі мамандандырылған аудандық және оларға теңестірілген соттардың судьялары, осы баптың үшінші бөлігінде көзделген жағдайларды қоспағанда, осы Кодекстің 73, 73-1, ... 590 (төртінші бөлігінде) , 596 (үшінші бөлігінде), 603 (бірінші және екінші бөліктерінде), 606 (екінші бөлігінде), 607 (екінші бөлігінде), 608, 610, 611 (екінші және үшінші бөліктерінде), 612 (үші	жоқ	684-баптың бірінші бөлігіндегі «590 (төртінші бөлігінде)» деген сөздер «590 (2-1 , төртінші, 4-1 -бөліктерінде)» деген сөздермен ауыстырылсын;	Депутат Б.А. Бекжанов 590-бапқа түзетулерге сәйкес келтіру.	Қабылданды

		нші және 4-1-бөліктерінде 613 (үшінші, төртінші, бесінші, тоғызыншы, оныншы және он бірінші бөліктерінде), 615 (төртінші бөлігінде), 618, 621 (үшінші бөлігінде), 637 (сегізінші, тоғызыншы, оныншы және он үшінші бөліктерінде), 638 (екінші бөлігінде), 651, 652, 653, 654, 655, 656, 657, 658, 659, 660, 661, 662, 664, 664-1, 665, 666, 667, 668, 669, 673, 674, 675, 676, 677, 678, 679, 680, 681-баптарында көзделген әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істерді қарайды.				
38.	Жобаның 1-бабының жаңа	684-бап. Соттар 1. Әкімшілік құқық бұзушылықтар жөніндегі	Жоқ.	684-баптың бірінші бөлігіндегі «613 (үшінші, төртінші, тоғызыншы, оныншы және	Заңнама және сот-құқықтық реформа комитеті	Қабылданды

	2) тармақ-шасы <i>ӘҚБК-нің 684-бабы</i>	мамандандырылған аудандық және оларға теңестірілген соттардың судьялары, осы баптың үшінші бөлігінде көзделген жағдайларды қоспағанда, осы Кодекстің ... (612 (үшінші және 4-1-бөліктерінде), 613 (үшінші, төртінші, бесінші, тоғызыншы, оныншы және он бірінші бөліктерінде) , ...-баптарында көзделген әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істерді қарайды.		он бірінші бөліктерінде)» деген сөздер «613 (бірінші, үшінші, 3-1, төртінші, бесінші, тоғызыншы, оныншы және он бірінші бөліктерінде)» деген сөздермен ауыстырылсын;	ӘҚБК-нің 613-бабының бірінші, 3-1-бөліктерінің санкциясын әкімшілік қамаққа алу түріндегі әкімшілік жазамен толықтыруға байланысты осы бөліктер бойынша әкімшілік құқық бұзушылық туралы істі қарау жөніндегі өкілеттіктерді ішкі істер органдарынан соттарға беру қажет (ӘҚБК-нің 50-бабының ережесі). Бұл ретте ӘҚБК-нің 613-бабының бірінші, 3-1-бөліктері бойынша әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс қозғау ПО-ның юрисдикциясында қалады.	
39.	Жобаның 1-бабының жаңа	685-бап. Ішкі істер органдары (полиция) 1. Ішкі істер органдары осы	<i>Жоқ.</i>	685-баптың бірінші бөлігінде: «191,» деген цифрлар алып тасталсын;	Заңнама және сот-құқықтық реформа комитеті ӘҚБК-нің 45, 47	Қабылданды

	2) тармақшасы <i>ӘҚБК-нің 685-бабының бірінші бөлігі</i>	Кодекстің 132, 146, 147, 190 (бірінші бөлігінде), 191 , 192, 196, 197, 198, 204, 204-1, 230 (екінші бөлігінде) ... 484, 485 , 485-1, 486, ... - баптарында көзделген әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істерді қарайды.		«485» деген цифрлар «485 (бірінші бөлігінде)» деген сөздермен ауыстырылсын;	және 48-баптарының ережелеріне сәйкес.	
40.	Жобаның 1-бабының жаңа 2) тармақшасы <i>ӘҚБК-нің 685-бабы</i>	685-бап. Ішкі істер органдары (полиция) 1. Ішкі істер органдары осы Кодекстің ... 612 (бірінші, екінші, төртінші, бесінші және алтыншы бөліктерінде), 613 (бірінші, 3-1, он екінші және он үшінші бөліктерінде) , 614, 615 (бірінші, екінші және үшінші бөліктерінде), ... -баптарында көзделген әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істерді қарайды. 2. Ішкі істер органдарының атынан әкімшілік құқық	Жоқ	685-бапта: бірінші бөлігіндегі «613 (бірінші, 3-1, он екінші және он үшінші бөліктерінде)» деген сөздер «613 (он екінші және он үшінші бөліктерінде)» деген сөздермен ауыстырылсын; екінші бөліктің 2) тармақшасындағы «613 (бірінші және он үшінші бөлігінде)» деген сөздер «613 (он үшінші бөлігінде)» деген сөздермен ауыстырылсын;	Заңнама және сот-құқықтық реформа комитеті ӘҚБК-нің 613-бабының бірінші, 3-1-бөліктерінің санкциясын әкімшілік қамаққа алу түріндегі әкімшілік жазамен толықтыруға байланысты осы бөліктер бойынша әкімшілік құқық бұзушылық туралы істі қарау жөніндегі өкілеттіктерді ішкі істер органдарынан соттарға беру қажет (ӘҚБК-нің 50-	Қабылданды

	<p>бұзушылықтар туралы істерді қарауға және әкімшілік жазалар қолдануға мыналар құқылы:</p> <p>...</p> <p>2) осы Кодекстің 132 ... 613 (бірінші және он үшінші бөлігінде), 614, 615 (үшінші бөлігінде), 617, 619, 619-1, 621 (екінші бөлігінде), 630, 631, 632, 635 (бірінші және екінші бөліктерінде)- баптарында көзделген әкімшілік құқық бұзушылықтар үшін – полиция бөлімдерінің, бөлімшелерінің, әкімшілік, көші-қон полициясы бөлімшелерінің, ауданның (қаланың, қаладағы ауданның) жергілікті полиция қызметінің бастықтары мен олардың орынбасарлары;</p>			<p>бабының ережесі). Бұл ретте ӘҚБК-нің 613-бабының бірінші, 3-1-бөліктері бойынша әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс қозғау ПО-ның юрисдикциясында қалады.</p>	
--	---	--	--	--	--

41.	<p>Жобаның 1-бабының жаңа 2) тармақшасы</p> <p><i>ӘҚБК-нің 685-бабы екінші бөлігінің 2) тармақшасы</i></p>	<p>685-бап. Ішкі істер органдары (полиция) ...</p> <p>2. Ішкі істер органдарының атынан әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істерді қарауға және әкімшілік жазалар қолдануға мыналар құқылы:</p> <p>... 2) осы Кодекстің 132, 147, 190 (бірінші бөлігінде), 192, 196, 197, 198, 204-1, 359, 395 (бірінші бөлігінде), 396 (бірінші бөлігінде), 420, 421, 432, 433 (бірінші бөлігінде), 434-1, 434-2, 437, 438 (бірінші және екінші бөліктерінде), 441-1, 444 (екінші бөлігінде), 458, 464, 469, 470, 480 (бірінші бөлігінде), 484, 486, 487 ... -баптарында көзделген әкімшілік құқық бұзушылықтар үшін – полиция бөлімдерінің, бөлімшелерінің,</p>	<p>Жоқ.</p>	<p>685-баптың екінші бөлігінің 2) тармақшасы «484,» деген цифрлардан кейін «485 (бірінші бөлігінде),» деген сөздермен толықтырылсын;</p>	<p>Заңнама және сот-құқықтық реформа комитеті ӘҚБК-нің 45, 47 және 48-баптарының ережелеріне сәйкес.</p>	<p>Қабылданды</p>
-----	--	---	--------------------	---	---	--------------------------

		әкімшілік, көші-қон полициясы бөлімшелерінің, ауданның (қаланың, қаладағы ауданның) жергілікті полиция қызметінің бастықтары мен олардың орынбасарлары;				
42.	Жобаның 1-бабының жаңа 2) тармақшасы <i>ӘҚБК-нің 685-бабы екінші бөлігінің 3) тармақшасы</i>	685-бап. Ішкі істер органдары (полиция) ... 2. Ішкі істер органдарының атынан әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істерді қарауға және әкімшілік жазалар қолдануға мыналар құқылы: ... 3) осы Кодекстің 196, 197, 407-1, 407-2, 420, 444 (екінші бөлігінде), 458, 484 (бірінші және екінші бөліктерінде) , 492, 496 (бірінші бөлігінде), 510 (бірінші, екінші, үшінші және бесінші бөліктерінде), 513	Жоқ.	685-баптың екінші бөлігінің 3) тармақшасындағы «484 (бірінші және екінші бөліктерінде)» деген сөздер «484, 485 (бірінші бөлігінде)» деген сөздермен ауыстырылсын;	Заңнама және сот-құқықтық реформа комитеті ӘҚБК-нің 45, 47 және 48-баптарының ережелеріне сәйкес.	Қабылданды

		(бірінші бөлігінде), 514 (бірінші бөлігінде), 515, 517 (үшінші бөлігінде), 518, 519 (бірінші, үшінші, бесінші және алтыншы бөліктерінде), 559 (бірінші, екінші, төртінші және бесінші бөліктерінде), 560, 562, 564 (төртінші бөлігінде), 566, 625 (теміржол көлігінде құқық бұзушылықтар жасағаны үшін), 630 (бірінші бөлігінде)-баптарында көзделген әкімшілік құқық бұзушылықтар үшін – ішкі істер органдары полициясының желілік бөлімдерінің, бөлімшелерінің, пункттерінің бастықтары мен олардың орынбасарлары;				
43.	Жобаның 1-бабының жаңа 2) тармақшасы	691-бап. Көлік және коммуникациялар саласындағы уәкілетті орган	Жоқ.	691-баптың екінші бөлігіндегі « 613 (бірінші бөлігінде),» деген сөздер алып тасталсын;	Заңнама және сот-құқықтық реформа комитеті ӘҚБК-нің 613-бабының бірінші, 3-1-	Қабылданды

	<p>ӘҚБК-нің 685-бабы екінші бөлігінің 2) тармақшасы</p>	<p>2. Көліктік бақылау органдары осы Кодекстің 464, 559 (екінші, үшінші, төртінші, алтыншы, жетінші, сегізінші және тоғызыншы бөліктерінде), 561, 571, 571-1, 572, 573, 575, 577, 578, 579, 580, 581, 582, 583, 584, 585, 586, 587, 588, 590 (сегізінші бөлігінде), 613 (бірінші бөлігінде), 616, 621 (бірінші, екінші және төртінші бөліктерінде), 623, 624-1, 625 (автомобиль көлігіндегі бұзушылықтар бөлігінде), 627, 628-баптарында көзделген әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істерді қарайды.</p>			<p>бөліктерінің санкциясын әкімшілік қамаққа алу түріндегі әкімшілік жазамен толықтыруға байланысты осы бөліктер бойынша әкімшілік құқық бұзушылық туралы істі қарау жөніндегі өкілеттіктерді көлік және коммуникациялар саласындағы уәкілетті органнан соттарға беру қажет (ӘҚБК-нің 50-бабының ережесі). Бұл ретте ӘҚБК-нің 613-бабының бірінші бөлігі бойынша әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс қозғау көлік және коммуникациялар саласындағы уәкілетті органның юрисдикциясында қалады.</p>	
--	---	--	--	--	---	--

44.	<p>Жобаның 1-бабының жаңа 2) тармақшасы</p> <p><i>ӘҚБК-нің 722-бабы</i></p>	<p>722-бап. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің органдары</p> <p>1. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің органдары осы Кодекстің 184, 185 (бұл бұзушылықтарды аудиторлар, аудиторлық ұйымдар, бағалаушылар жасаған кезде), 207, 209, 216, 219, 230 (екінші бөлігінде, бұл бұзушылықтарды аудиторлық ұйымдар жасаған кезде), 233 (екінші және үшінші бөліктерінде), 234, 235, 236, 237, 238, 239 (бірінші, екінші және бесінші бөліктерінде), 239-1, 240, 241, 246-1 (бұл бұзушылықтарға квазимемлекеттік сектор субъектілеріне арнайы мақсаттағы аудит жүргізу кезінде жол берілген кезде), 247 (бірінші, екінші, үшінші, бесінші,</p>	<p>Жоқ.</p>	<p>Мынадай мазмұндағы жаңа 2) тармақшамен толықтырылсын:</p> <p>«2) 722-баптың бірінші бөлігіндегі «233 (екінші және үшінші бөліктерінде)» деген сөздер «233 (екінші, үшінші және төртінші бөліктерінде)» деген сөздермен ауыстырылсын;</p>	<p>Заңнама және сот-құқықтық реформа комитеті Депутаттар Д. Әлімбаев, Ә. Әбсеметова</p> <p>Кодекстің 233-бабындағы толықтыруларға сәйкес Қаржы министрлігінің құзыреті қарыз шартында белгіленген мерзімде мемлекеттік сыртқы қарыз қаражатын игермеуге байланысты әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қараумен толықтырылады.</p>	<p>Қабылданды</p>
-----	---	---	--------------------	---	--	--------------------------

		жетінші және оныншы бөліктерінде), 248, 249, 250, 267, 464 (бұл бұзушылықтарды аудиторлық ұйымдар жасаған кезде)-баптарында көзделген әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істерді қарайды.				
45.	Жобаның 1-бабының жаңа 2) тармақшасы <i>ӘҚБҚ-нің 722-1-бабы</i>	722-1-бап. Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитеті және облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың ревизиялық комиссиялары 1. Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитеті және облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың ревизиялық комиссиялары осы Кодекстің 216, 219, 233 (үшінші бөлігінде) ,	Жоқ.	Мынадай мазмұндағы жаңа 2) тармақшамен толықтырылсын: «2) 722-1-баптың бірінші бөлігіндегі «233 (үшінші бөлігінде)» деген сөздер «233 (үшінші және төртінші бөліктерінде)» деген сөздермен ауыстырылсын;»;	Заңнама және сот-құқықтық реформа комитеті Депутаттар Д. Әлімбаев, Ә. Әбсеметова Кодекстің 233-бабына толықтыруларға сәйкес Есеп комитетінің құзыреті қарыз шартында белгіленген мерзімде мемлекеттік сыртқы қарыз қаражатын игермеуге байланысты әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қараумен толықтырылады.	Қабылданды

		235, 236, 237, 247 (алтыншы бөлігінде)-баптарында көзделген әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істерді қарайды.				
46.	Жобаның 1-бабының жаңа 2) тармақшасы <i>ӘҚБК-нің 722-1-бабы</i>	722-1-бап. Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитеті және облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың ревизиялық комиссиялары ... 2. Осы Кодекстің 216, 219, 233 (үшінші бөлігі), 235, 236, 237, 247 (алтыншы бөлігі)-баптары бойынша әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істерді қарауға және белгіленген әкімшілік жазаларды қолдануға Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитеті мен	Жоқ.	722-1-баптың екінші бөлігіндегі « 233 (үшінші бөлігі) » деген сөздер « 233 (үшінші және төртінші бөліктері) » деген сөздермен ауыстырылсын;	Депутаттар Д. Әлімбаев, Ә. Әбсеметова 722-1-баптың 1-тармағына ұқсас.	Қабылданды

		облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың ревизиялық комиссияларының мемлекеттік аудиторлары құқылы.				
